

104/236
МЕТ ЖҰБАНОВ

СЫРЛАР ЕРНЕСІ



Баспаға дайындаған Бисенғали ҒИЗАТОВ

Ахмет Жұбанов

Ж 86 Ғасырлар пернесі. (Қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы туралы очерктер).
«Жазушы» баспасы, Алматы — 1975.

400 бет.

Академик Ахмет Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» атты бұл кітабы қазақ халық композиторларының өмірі мен творчествосына арналған очерктерден құралған. Бұл очерктерде негізінен Құрманғазының, Дәулеткерейдің, Абылдың, Тәттімбеттің, Қазанғаптың творчествосынан соны деректер берілген.

Каз 2

Ж $\frac{90502 \quad 230}{402(07) \quad 75}$ — 271—75

© — издательство «Жазушы»



САРМАЛАЙ

1944 жылдың қысы. Шабуылдың арасындағы қысқа үзілісті пайдаланып, бірнеше солдат ыстық блиндаждың ішінде мылтықтарын тазалап отыр. Әрқайсысы өз ойымен болуда. Біразға созылған үсіздікке іштері пысып кетті ме, бір солдат қойнынан төрт бүктелген «Қызыл армия» газетін алып, қарай бастады. Қақ ортасында сурет тұрған көлемді мақалаға оның назары түсті. Жанып жатқан блиндаж пешінің отына жақын келіп, жарық мол болсын дегендей, тағыда бір-екі кескен ағашты отқа салып жіберді де, тек өзі үшін сияқты басқаларға естілер-естілмес түрде мақаланы оқи бастады.

«Жау жағындағы тыныштық ұзаққа созылмады. Мерген қазақ Валиев бекіністе жатып, мұқият қадағалап, жаудың басқан ізін аңдып, ұзақ күтті. Осы кезде, немістің ауыр артиллериясы мен минометтерінің бір кезде шыққан күрсілі айналадағы тыныштықты бұзып кетті. Валиев көз алмай бақылауда. Көп кешікпей немістер де көрінді. Командир Ботенконың жауынгерлері жауға қарсы оқты қардай боратты. Ал Валиев болса фашистерді іріктеп атып жатыр. Ол жеті солдатты сұлатып, құм қаптырды. Астыңғы ернін жымқыра тістеп алған ызалы мерген үздіксіз атып жатыр. Оның әрбір оғы бір-бір немісті алып ұшуда. Міне ең соңында немістің бір офицері ғана қалды. Ол гранатасын қолына нық ұстап, мергенге тіке келе жатыр. Ол — жиырма қадам жақындап келіп, гранатасын лақтыра бергенде, винтовканың ащы дауысы шаңқ ете қалды. Неміс офицері қалпақтай ұшты да, гранатасы қолында жарылды. Бұл — Валиевтің оғынан «О дүниеге» сапар шеккен алшы бесінші жендет еді».

Осы кезде шеткері отырған бұйра шашты, ат жақты, кең мандайлы, терең ойлы, өткір көзді солдат, өз атын естігенде, газет оқушы жауынгерге жалт қарады. Авто-

матын бәрінен бұрын тазалап болған ол, қолына түсініксіз бір затты мұқият ұстап, сонымен айналысып отырған еді. Жауынгер жолдастары оны шақырып, орталарына алып, газетте жазылған мақаланы өз сөздерімен айтып берді. Міне сол Валиев осы. Валиев үндемеді, біраздан кейін: «шынында да, осы шайқаста біздің жігіттер жақсы кимылдады» — деп жымия күлді. Оны барлығы құттықтады. Ол ұялып күлді де кенет есіне әлгі айналып отырған заты түсіп, соған бұрылды.

Бұл оның сыбызғысы екен. Қазақтың үрлеп ойнайтын халық аспабы. Әдетте мыстан жасалатын осы аспап бұл жолы да трубадан дайындалмаған еді. Соғыс үстіндегі ауыр жағдайларға қарамастан Валиевтің сыбызғысы әрдайым таза, жалтылдап тұратын, ол аспабына іштей риза да болатын. Қазір ол өзі істеген аспабына мақтана қарап, қолына алды да ойнай бастады.

Сыбызғыдан тебірене жұлқып шыққан тамаша үн, бір-бірін шын сүйген екі жастың жүрек соғысындай, қазақтың кең даласында еркін самғаған самал жел сияқты үсті-үстіне төгіліп жатты. Ол сыбызғысын біраз ойнап, кенет тоқтай қалды да аспабын ұстаған қалпы, қолын тізесінің үстіне қойып, өзінің сыбызғыны қалай үйренгенін айта бастады. Мергеннің сол түнгі айтқан әңгімесін қызыға, құмарта тындаған жауынгерлер, көп уақытқа дейін жатпады.

«Мен сегіз жаста едім. Біздің ауылда менің өмір бойы есімнен кетпейтін бір уақиға болды. Әкемді айнала қоршап алып, шуылдасып, әсіресе әкемнің айтқан әңгімесіне ойпырмай деп танданған ауыл кемпірлерінің көтеріңкі дауыстары әлі есімде. Шынында да әңгіме тыңдауға тұрарлық еді. Кейінірек осы болған жағдай туралы мен өзімнің сүйікті анамнан естідім. Менің бақытсыздығыма қарай әкем мені ерте қалдырып кетіпті.

Сөйтсе, Орал облысының облыстық правленнесі (қазіргі Батыс Қазақстан облысы) барлық болыс пен уезге қарамағындағы «бұратана» атанған қазақтардан белгілі музыканттарды, әншілерді, ақындарды, Петербургте болатын ақ патша ұйымдастырған баласының туған күніне арналған үлкен тойда өнер көрсетуге жинау үшін бұйрық таратқан. Міне осы бұйрық бойынша Павловка облысындағы іріктеуде тамаша әнші, он сегіз жасар Қанифа мен әкем баратын болыпты. Әкем де Қанифа сияқты жас болған. Аздап орысша сөйлей білген, өйткені көрші ауылда көшіп келген орыстармен жиі араласып тұрған. Саратов-

ке дейін әкем мен Қанифа түйемен барып, одан әрі поезға мініпті. Бұрын қазақтар паровозды «Қара айғыр» деп атаған, себебі даусынан болар, өйткені көшпелі, өмір сүріп мал баққан қазақтарға паровоздың гудок дауысы айғырлардың кіснел, ақырғанына ұқсас болып естілсе керек. Жол үстіндегі жолаушыларға барлығы бір керемет болып көрінді. Есебі мұндай жағдайды олар өңі түгіл түсінде де көрмеген еді. Ал Петербургте оларды жарқыраған шамға толы қабат-қабат биік үйлер, садақтың оғындай түзу көшелер, үлкен қаланың үздіксіз шуы қарсы алды. Осы жағдайлардан олардың алғашқы кезде басы айналды. Олар өздеріне ертедегі аңыз әңгімелерде айтылатын кейіпкерлердей сезінді.

Бұлар келген соң үш күннен кейін той басталды. Сахнаға менің әкемнен бұрын Қанифа шықты. Оның дауысы қоңыраудай сылдыраған, сүйкімді еді (жоғарғы сапрана дауысты қазақтар осылай айтатын — А. Ж.) өте күшті дауысының әдемілігіне Қанифаның келбеті де сай еді. Қанифа ұзын бойлы, жинақы, бет әлпеті татар қыздарына ұқсас, киген киімі өзіне жарасып-ақ тұратын. Ол сахнаға батыл, қобалжымай шықты да, өзі еркін меңгерген гармонмен айтқан әндерін сүйемелдеп отырды. Қанифа сол концертте үлкен абыройға ие болды. Сүйкімді жас қызға қызығып, танысқысы келіп қырындаған жігіттер де көп еді, бірақ ұстамды, тақаптар қыз олардың ешқайсысына көнбеді. Сол концертте Қанифа қазақтың, татардың бірнеше әндерін орындады. Ол—солтүстіктегі үлкен қалаға қазақ даласының кең тынысын, дала кедейлерінің шындықты аңсаған жүрегін, мазмұнға бай жан-жақты әндері мен аңыз әңгімелерін алып келген еді: Оның дауысы тыңдаушыларын сүйсіндірумен қатар, үлкен, кең залдың ішін толық билеп алды. Ол теңсіздікке жаны қас, үлкен күш иесі еді. Осындай жерде жұрт алдына шыққанда тайсалмады, қорықпады. Жиналғандар оның әрбір айтқан әндерін үлкен ілтипатпен қол соғып қарсы алып отырды. Әрине ол кезде, «дала артистері» тыңдаушының қол соққанын түсінбеді, не екенін білмеді. Олар тіпті қысылып қапаланды. Тек оларға айтқан өлендерінің тыңдаушыға ұнағанын білдіру үшін қол соғылатынын айтып түсіндіргеннен кейін ғана олар тынышталды.

Міне ең соңында кезек менің әкеме де жетті. Ол әрдайым аспабын ұстап, дыбысы жоғары шықпай, бірқалыптар қоңыр үнде тұруы үшін ішіне су бүркіп, дымқыл-

дап отыратын. Оның өмірінде бірінші рет жоғарғы орын — эстрадаға шыққаны осы еді. Сыбызғысын қолына алып, залда отырғандардың гуілдеген дабыстары басылғанша аспабын тексеріп, бабына келтіріп алды. Ол орындауға кіріскенде айнала бәрі тыныштала қалды. Ол «Қоңыр қаз» (Серый гусь) күйін сызылта ойнай бастады. Бұл аңыз күйді — ол өзінің ұстазы, оқытушысы, атакты сыбызғышы Сармалайдан үйренген еді.

Қазақтың «Қыз Жібек» атты эпосындағы негізгі кейіпкердің бірі — батыр Төлегеннің Қыз Жібекке жалғыз келе жатқанда жолшыбай Бекежанға кездесіп, Бекежаннан ауыр жаралануы туралы баяндалады. Өлер алдында Төлеген, аспанда тізіліп ұшып бара жатқан бір топ қазды көреді. Сол қаздардан өзінің елде қалған ата-анасына, іні-қарындасына сәлем айтуларын, енді бұдан былай өзін олардың еш уақытта көре алмайтынын жеткізуді сұрайды.

Бұл аңызды халық таланттары домбырада да, сыбызғыда да ойнай береді. «Қоңыр қаз» күйінде Төлегеннің нәзік махаббатын, қапылыста өлімін, қаздардың ұшуын бейнелейтін тақырыптар жүріп отырады. Әкем Сармалайдың шығармаларынан тағы да екі күй ойнайды. Оны да Қанифа сияқты жылы шыраймен жақсы қабылдайды. Әкем де, Қанифаға да заттай бағалы сыйлықтар берген. Әрине, осының өзі барлық көрші ауылдардан оларға көтеріңкі мактау сөздер әкелді.

— Иә, менің әкем күшті сыбызғышы еді, — деді Ысқақ Валиев. Ол бай болған жоқ, бірақ оны барлық жерде сыйлайтын, барлық жиын тойларға шақыратын. Әкемнің әрдайым жақсы аты болатын. Соған орай ол жақсы аңшы да болды. Әсіресе қасқыр аулауға жаны құмар, бірақ мылтықпен емес, алты өрмелі дойырмен тартып жібергенде қасқырды қалпақтай ұшыратын. Ол — өзінің көп жылғы тәжірибесімен ауырған малды емдейтін шебер дәрігер еді. Сол аймақтағы малы ауырғандардың барлығы көмек сұрап әкеме келетін, оның өз қолынан емдеген малдарының бірде-біреуі өлмейтін. Айтпақшы, әкемнің бұл өмірінде мен үйреніп алдым. Кей кездері алыс ауылдардан әдейі парат жегіп келіп, әкемді үлкен тойларға, жиындарға алып кететін. Қысқасы өз тұсында әкем сері болып өтті. Ол әрқашанда өзінің талғамына қарай әдемі, таза киінген. Ол Құрманғазыны, Динаны жақсы білетін, олармен туыстық қарым-қатынаста болатын.

Мен өзім — деп сөзін жалғастырды Ысқақ Валиев —



Ы. Валиев

мен он бес жасқа толғанымда Дишаның аулына кететін (сол кезде Каспий теңізінің жағасында) менің өгей амам әрдайым менің әкемді маған қарсы айдап салып отырады, сондықтан мен ол жақта үш жыл тұрдым. Бұған қатты қапаланып қайғырған әкем мені өлді деп ойлаған екен, бірақ менің тірі екенімді естіген соң, екінші қайтып тимеймін деп ант етті, сөйтіп мен үйге келдім.

Бір күні Каспийдің жағасында жүргенімде мен адасып кеттім. Бірақ қолымнан сыбызғымды тас-

тамай ойнап жүрген едім, сол сыбызғының даусымен мені тауып алды. Осыдан кейін мен өзіммен әрдайым бірге болу үшін ішкі төсқалтаға да, етіктің қопышына да салып қоюға ыңғайлы етіп бүктемелі сыбызғы жасап алдым. Мен сол адасып жүргенде тартқан күйімде, өз басымдағы қайғы-қасіретімді еріксіз әкем үйінен кетіп, Молдаштың сатырын іздеймін деп, азулы аңға толы қалың қамыстың ішінде қалғанымды баяндауға тырыстым.

Кейінірек Ысқақ Валиев сол күйін «Толқын» деп атаған. Ысқақ бұдан басқа «Кербез» атты күй шығарған. Ол оны кімге арнағаны бізге белгісіз жұмбақ болып қалды. Ысқақ табиғатында көп сөйлемейтін, ауыр мінезді адам еді. Ол жас кезінен, балалық шағынан музыкаға жаны құмар, өз ойын, арманын музыка тілімен барлық аспапта ойнап, жеткізе білетін.

Ысқақ сыбызғыны сегіз жасынан бастап ойнады. Алғашқы кезде ол қамыстан істелген «пырылдауықты» ойнап үйренген. Пырылдауықты ойнаушы бір шетінде жіңішке тілі орналастырылған жағын ауызға салып үрлегенде ауа қозғалысқа келеді. Қамыстан істелген бұл аспаптың бірнеше тесігі болады. Ойнағанда сол тесіктерді саусақтың бауырымен алма-кезек ашып, жауып отырады. Осы пырылдауықпен көптеген балалар ойнайтын. Басқа балаларға қарағанда Ысқақтың ойыны жақсы

болды, көп кешікпей ол әкесінің сыртын қойдың ішегімен қаптаған қурайдан істелген сыбызғысын ойнап көруге талпынды. Баласының сыбызғыға әуестігін көрген Вали қуанып, оны үйретеді. Ысқақ он екі жасқа келгенде әкесімен шамалас ойнайды. Оның жарлылығына, жалшылығына қарамай, әкесі сияқты Ысқақты да жиын-тойға шақыратын болды.

Валидің Ысқақ және басқа балалары жыл сайын Молдағали, Сейіталы сияқты байларға жалданып жұмыс істеді. 1927 жылы Вали өлді. 1928 жылдан 1930 жылға дейін Ысқақ Саратов облысына қарасты Ершов станциясының № 25 совхозында қара жұмыс істейді. 1934 жылы Ысқақ Қазталовке районындағы «Интернационал» колхозына колхозшы болып кіреді. Сол жылы Қазталовкедегі аудандық атқару комитеті Ысқақ Валиевті халық өнер шеберлерінің облыстық байқауына қатысу үшін Алматыға жіберді.

Бұл 1934 жылы июнь айының бас кезі еді. Қазақ драмтеатрының залында халық атық толы, ол театрдың ауласындағы кішкене садтың ішінде де көп адам жиналған. Орыне бұл жиналғандардың залдағылардап айырмасы, әрқайсысының қолында домбыра, не қобыз, немесе сыбызғысы бар. Бұлардың кейбіреулері жерге отырып алып, домбыраның сүйемсігімен баяу әндетіп жаттығып жатыр. Енді біреуі өзі істеген тұлып атына мініп «Насыбайшы» биіне жаттығып жүр. Екінші біреуі саз балшықтан істеп, өздері бояған әртүрлі үй заттарына зер сала қарауда. Бұл адамдардың барлығыда өз өнерлерін көрсетуге дайындалып жүрген еді. Міне, концертті жүргізуші сахнаға шығып, «қазір Батыс Қазақстаннан келген делегаттар өз өнерлерін көрсетеді» — деп хабарлады. Сонда ең бірінші рет Ысқақ Валиев Алматының сахнасына шыққан еді. Үстінде ақ шапаны бар ол, сыбызғысын қолына мұқият ұстады. Ол орындыққа асықпай отырды да, оң аяғын сол аяғының тізесіне қойып ойнай бастады. Бұл аспапты бірінші көрген адамдардың барлығы оны қызықтаумен қатар ойнаушының шеберлігіне оның тынысының ұзақтығы мен күштілігіне таң қалды. Ол өте жәй ырғақта бірнеше тактіні бір деммен үрлен алғанда, қысылмай, қызармай, еркін өте байсалды ойнайды. Ол әрбір ойнаған күйін міндетті түрде өз аспабының ең жоғарғы дыбысында бітірді. Комиссия мүшелері осы тамаша сыбызғышыны Алматыда қалдыру үшін қойын дәптерлеріне оның аты жөнін асыға жазып жатты. Кешікпей

ол Қаз ЦИК атындағы оркестрге қабылданып, онда алдыңғы қатарлы солистердің бірі болды. Әсіресе ол, оркестрге қосылып айтатын әншілерді сүйсіндіргенде таптырмайтын бояуы мол күш болды. Қазақтың бірқатар күйлерін жеке ойнап, арасында қыл қобызға қосылып та ойнады. Соның нәтижесінде дыбыстың сүйкімді, ерекше байланысы пайда болатын.

Бұдан кейін Ы. Валиев халық аспабында ойнаушылардың Бүкілодақтық конкурсіне қатынасып шебер орындаушылығымен көрнекті орындардың біріне ие болды. Ол «Аманкелді» кинофильмін дыбыстандыруға қатысатын және әрдайым Қазақтың Жамбыл атындағы филармониясында концерттерге шығып, гастрольге шығып үлкен табысқа ие болып жүрді.

1942 жылдың басында Ысқақ Валиев Совет армиясының қатарына шақырылып, онда мергендер бөлімшесіне алынды. Ол 227 ретіс жеңдеттеріп жоқ қылды. Ол Ұлы Отан соғысы кезінде майданда жүріп жауынгер және артист болды. 1944 жылы 23 майда Алматы қаласында Сталин аудандық Горрайвоенкоматтың Ысқақ Валиевтің жұбайына жазғаны:

«Социалистік Отанымызды қорғауда майданда старшина Валиев «За отвагу» медальмен наградталды. Әскерлік антына шын берілген батырлық пен ерліктің үлгісін көрсеткен ол, 1944 жылы 27 мартта ауыр жараланып қаза тапты. Денесі Калинин облысы, Идрицкі ауданындағы Рахнова ауылының оңтүстігінен бір шақырым жердегі туыскандық бейітте жерленді.

Осындай дарынды музыканттың өлімі біраз уақыт сыбызғының ілгері дамып өрістеуіне кедергі болды. Өйткені қазіргі кезде бұл аспапты ойнайтындар өте аз, ал Валиевтің ойнағанындай етіп осы уақытта ешкім ойнамайды.

Ысқақ Валиев халықтың тамаша сыбызғышысы Сармалай туралы деректерді жеткізумен қатар оның шығармаларын орындап берді. Сармалайдың творчествосын ілгері жалғастырушы оқушысы Ысқақтың әкесі болды. Оның Сармалай туралы бізге айтқаны.

Сармалай өткен ғасырда өмір сүріпті. Ол өз аймағында ең күшті сыбызғышы болыпты. Оған тағылған ат «Сармалай». Ал шын аты Садық. Ол 1935 жылы Батыс Қазақстан облысы Фурманов ауданындағы «Талды-Құдық» деген жерде туған. Садық әулетінен кедей болды. Ол жасынап байдың малайы болып малып бақты. Сар-

малайдың үй-іші тұрған жерге де қоныс аударып көшіп келген орыстар мен украиндардың жер участогі бар еді. Оларға үстемдік жүргізген Петушко деген кулак болды. Дәл осы Петушконың малын бағуға Садық жалданады. Садықтың музыкаға деген қабілеті жас кезінен, балалық шағынан басталады. Ол қурайдан істелген қойшылардың сыбызғысын ойнады. Сармалайдың әкесі бұл аспапты, өте жақсы меңгерген еді, сондықтанда болар жас бала әкесіне еліктеп сыбызғы үйренуге талпынды. Жалпы сыбызғыда ойнау, әсіресе сол аймаққа кеңінен таралған еді. Жаздың ыстық күндерінен қалжыраған қойшылар, денесін басқан ауыршылықты серпіп тастау үшін, кешкі салқын түсе бір жерге жиналып, өздерінше жарыс ұйымдастыратын еді. Мұндай жарыстарда Садықтың әкесі алдына жан салмайтын. Ал кейінірек оның орнын баласы Садық басты. Садықтың әкесі қатты аурудан тісі түсіп қалыпты, соған байланысты сыбызғыны ерте қойып кетті дейді айтушы.

Өзінің сүйікті өнерінен амалсыздан бас тартқан ол, ісін ілгері апарушы баласын көргенде қатты қуанды. Әкесінен ерте айрылған Садыққа бала жігіт шағынан өз еңбегімен күн көруіне тура келді. Ол тек өте жақсы қойшы ғана емес, ауыл жастарының кешегі тұрмысы ойындарының сүйіктісі де болды. Оны әрдайым халық ортаға салып қоршап отыратын. Тіпті егде тартқан әйелдер мен шалдарда оның тамаша ойынын жібермей тындайтын.

Сармалайдың ауылына жақын жерде тұратын, сыбызғыны өте шебер ойнайтын, жұртшылық жақсы сыйлайтын Сабыр деген бір адам болды. Ол адамның сыбызғыда шебер ойнаушылығы оның ата-бабасынан балаға жалғасып тұқым қуып келеді, дейді айтушылар. Өзінің орындау шеберлігін халыққа таныстыру үшін Сабыр ауыл-ауылды аралады. Бірақ Садық Сабырға жиі барып, оның ойнаған күйлерін, сыбызғы күйлерінің мазмұны жайлы әңгімелерді тыңдап, өз тарапынан ауылындағы қойшы-сыбызғышы жайлы т. б. әңгімелерді айтатын. Сабырдың күйін тез меңгеріп алған Садық өзінің әкесінен, тіпті Сабырдың өзінен де өзгеше әдемілеп, басқа тұрғыда орындай бастады. Күн санап ол өз репертуарын байытып, кеңейте берді.

Бейне бақташылық өмір, үздіксіз табиғаттың сәнді аясында болу, үнемі малшылармен катынаста, олардың арасындағы күйге жаны құмар әуесқойларды көру Садықтың музыкаға деген табиғи бейімділігінің артуына жеңілдік жасады, ал сыбызғы болса оның ең қолайлы ас-

пабы болды, Даланың кез келген жерінен жабайы өскен қамысты табуға болатын еді. Өйткені жалпы ондайды қазақтар сыбызғы деп атайтын. Себебі осы қарапайым жеңіл аспапты істеуге бар болған керегінің өзі сол еді. Сыбызғы домбыра мен қобыз сияқты көп күшті қажет етпейді. Алғашқы сыбызғыда үш-төрт тесігі болды, ал оны өзгерту немесе қайта жасау үшін мықты шеберліктің керегі жоқ. Тек қана ойнардың алдында қурай түтікшені үні жақсы шығу үшін дымқылдап сулау керек, әйтпесе қурайдан сыбызғы үні шықпайды. Сондықтан да сыбызғышы әрдайым бір шелек суды қасына қоятып, ол ашық далалықта өзеннің немесе көлдің жағасына отырып ойнайтып.

Міне көптеген көшпелі бақташылар сияқты сыбызғы да Садықтың тұрақты серігі болып алды. Осы қарапайым аспаптың мүмкіндігіне қарай дүниеге келген шығармалардың тақырыбы мен мазмұны қазақ сыбызғышыларының бейнебір бақташылық өмірін сипаттауға арналды. Сыбызғының кейбір күйлері қайғылы сарында барғанмен бірқатар күйлерінің негізгі характері лирикалық сипатта. Көп жағдайларда бұл күйлердің мазмұны табиғаттың жан-жануарларды, құстарды, өзен-көлдерді суреттеуге арналады. Сондықтан да табиғаттың тірі бейнесін шын сүйген сыбызғышы өз ойын, армапын, өзінің адамға деген көзқарасын сыбызғы үніне салып, баяндауға тырысады.

Мысалы Қазақ ССР Ғылым академиясында сақтаулы, С. Бегалиннің Батыс-Қазақстанға барғандағы жинаған материалдарында, адамның қайғылы өмірі мен табиғаттың байланысына арналған бір күйдің үш түрлі мазмұны бар.

Соның бірі «Жетім қыз» күйі деп аталады. Аңызда: «Ертеде бір өзеннің жағасында жетім қыз бен бала болыпты. Ол қыз қайықты жақсы еседі екен. Сол маңдағы балалар бұларға келіп қайықпен ойпап серуендейді екен. Бір күні қыз таудан жүзім жинауға кеткенде үйде қалған бала апасының жоғын пайдаланып қайыққа мініп жүзеді. Бірақ ол қайықты есе білмейтін. Ойламаған жерден қатты дауыл жел тұрып қайық үлкен толқынның арасында аударылады, бала суға кетеді. Жапында қалған жалғыз інісінің суға кетіп өлгенін естіген қыз зарлап жылайды. Қайғылы жанға тиетін бұл күйдің үнінде қыздың жылағаны, желдің ызғырығы, толқынның соғуы мен бірге ескектің есілген қозғалыс ритмі естіледі.

С. Бегалиннің екінші жазған «Жорға аю» атты күйдің мазмұны: «Ертеде бір аңшы аю аулауға тауға кеткенде, кішкене баласы әкесінің артынан ілесіп қалмайды, әкесі ол баланы аңғармайды. Қалың тоғайға кірген соң, бала әкесінің қарасынан көз жазып, жолдан адасып, жалғыз өзі беті ауған жағына жүре береді. Осы уақытта ол балаға аю шабуыл жасап, өлтіреді де, оны жерге көміп жатады. Бір кезде осы аюдың ізіне түскен аңшы, баласын жайғастырып көмгелі жатқан азулы аңның үстінен шығады. Аңшы аюды атады, бірақ оқ аюдың бір аяғына тиеді. Жараланған аю үш аяғымен қашады. Аюдың сондағы шабысы жорғаның жүрісін елестетеді. Екінші рет атқанда аюды құлатады». Осы «Жорға аю» күйінде баласына қайғырып жылаған әкесінің, оқ тиген аюдың қашқандағы жүрісінің бейнесі суреттеледі.

С. Бегалин тағыда «Ақ қабанның толқыны» атты күйдің де сюжетін жазған. Онда Бұхтарма атты өзеннің жағасында тұрған, Керей руындағы тамаша сыбызғышы Мұса туралы айтылады. Ол өзінің жалғыз қызын «Марқакөл» көлінің жағасында тұратын бір қазаққа күйеуге ұзатып, оның жасауына өзінің сүйікті атын береді. Жат жерде ақылды жануар сенделіп жүреді. Бір күні Мұса қызының жағдайын білуге «Марқакөлге» бара жатып жолшыбай «Ақ қабанның толқыны» атты күйін ойнағанда, жасауға берген Мұсаның аты үйірінен бөлініп шығып, кісінеп ауылды айналып шауып жүреді.

Несіне шын берілген ат, Мұса ауылға келгенінен тыным таппады. Мұсаның ойнаған сыбызғысының үніне дағдыланып қалған ат, несінің дауысын он шақырым жерден естіп білді. Асыл мінезді жануардың тынышсыздануын білетін Мұсаның қызы мұны көргенде үйішіне «Сірә менің әкем келе жатқан болар, біздің аттың ойнақшып айнала шабуы тегін емес» — дейді. Сармалайдың ең жақсы күйлері тірі табиғатты бейнелеумен де тығыз байланысты. Адамның психологиясына кісілердің арасындағы дау-жанжалы, адамның арманы мен қайғысы көбінесе жануарлар образы арқылы білдіреді. Ал Сармалайдың сыбызғыға арнаған бірінші күйі, қазірде автордың өз атымен аталатын белгілі, техникалық характерде жүреді. Бірақ бұл күйдің сюжеті белгісіз. Соған қарағанда Сармалай өз аспабының күші мен мүмкіншілігін байқау үшін шығарғанға ұқсайды, күйдің тілі соны айтады. Сармалай күйінің екпіні өте тез, ал кейбір жерлерде баяулап, шапшандықпен алмасып отырады. Бұл өзінің ал-

ғашқы творчестволық қадамы, автордың көңілденген қуанышы көңіл-күйін суреттеуі сияқты. Әрине, халық композиторларының өмірі мен жұмысы туралы ешбір адам оның хронологиясын білмегендіктен бұл күйді сөзсіз ең бірінші деп атау өте батылдылық болған болар еді.

Сармалай творчествосының одан әрі дамуы халық арасында тарап кеткен белгілі мазмұны бар күйлерге еліктеп, өз вариантында шығару болып келеді. Сондай қызғылықты шығармалардың бірі түріне анық «Нар иген» күйі жатады. Мұндай ұқсас сюжетті күй туралы кітаптың басында айтқанбыз.

Күйде сыртқы дауысқа еліктейтін кезеңдер жиі кездесіп отырады. Мысалы: Інгенің боздауына еліктеген үн сыбызғының төменгі регистрінде келтіріледі. Мұнда қазақ сыбызғышыларына тән сыбызғыға бос үрлеу емес, қайта дыбысты молайту үшін көмекке өз дауысын да қосады, кей жағдайда жуан дауыстығы бас дауысының қызметін атқарады. Мелодияға өзінің орнықты ерекше бояуын бере отырып, өзіндік екі дауысты қалыптастырады. Сыбызғышы «Нар иген» күйін ойнаған кезде, ұзақ дыбысты ерлінің артикуляциясымен бірнеше бөлімге бөліп, тыныс жасайды да, ашулы маяның боздағанын мәнерлі келтіреді. Күйде қыз бен жігіттің бір-бірін сөзсіз түсінуі, шал ойнаған кезде маяның сүтіп шығармай ұстауын суреттейтін лирикалық тема жүріп отырады. Сыбызғыға арналған «Нар иген» күйі халық арасына өте кең тараған, оны әрдайым қызыға тыңдайды, сюжетін халық музыканттары әр уақытта жаңартып, оған барлық жаңаны ендіріп толықтырады. Бір ғана өзгермейтін: музыка өзінің сиқырлы күшімен аштыққа душар болған шал мен оның қызын өлімнен құтқарады, ал қыз болса өзінің ақылы мен икемділігінің нәтижесінде шалға тұрмысқа шықпай, жас жігітке қосылуына мүмкіндік жасайды.

Сармалай шығармаларының ішіндегі ең қызықтыларының бірі «Бұлбұл» күйі. Бұл күйде ол өз аспабының барлық техникалық мүмкіншілігін сынайды. Бұлбұлдың құбылған үнін елестетіп құлпыртады. Бізге белгілі бұл сияқты аттас күйлер домбырада да бар, онда да бұлбұлдың әніне еліктейтін тема өтеді. Әрине бұлбұлдың үні сыбызғыда табиғи болып естіледі, себебі аспаптың мәнерлеу мүмкіндігін тембрдің бояу характеріне сай келеді.

«Бұлбұл» күйінде, сондай-ақ Сармалай өзінің басқада шығармаларында тек бұлбұлдың үніне еліктеумен ғана шектелмейді, кейде кең әуенді мелодияларда шалқып өте-

ді, мұнда табиғатқа сүйсінген қанатты дала артисінің әнін бейнелейтін тема жүреді. Тек жақсы әңгімелерді ғана емес, қара сөздің шешендерін де халық бал тандайлы бұлбұл деп текке атамайды.

Осындай бірнеше сәтті шығармаларынан кейін Сармалай өз аспабын тағыда жетілдіре түсуді ойлайды. Валиевтің сөзіне қарағанда, ол өзінің барлық мүмкіндік күшіне қарай кейбір жаңа тәртіп енгізеді. Әрине, өте сыпайы мөлшерде бірақ табанды, тұрақты. Бұрынғы үш-төрт текстің орнына Сармалай өз сыбызғысына алты тесік орнатады. Бұл әрине ойнаған кезде аспаптың үн байлығын молайту үшін үлкен роль атқарады. Аспаптың диапазон рамкасы жылжытылып, жаңа регистер қосылады. Сондықтан жаңа бояуы болады. Қазақстанның басқа жерлерінде сыбызғы осы кезге дейін үш-төрт тесікпен қалғандықтан, ол дыбыстық мүмкіндігін шектеп, музыкалық шығарманың көлемінің өсуіне мүмкіндік бермейді. Сондықтан, осындай аз ғана жаңалықтың өзі дұрыс жақсы нәтиже берген еді. Сармалайдың мұндай өнері айнала-сындағылардың назарын аударды, ол онан бұрынғыдан да қанаттандырды. Ол күйлерді бірінен соң бірін шығара береді. Өз аспабының мәнерлі жаңа жолын тауып, дәстүрлі халық сюжетін пайдаланып өзінше түсіндіруге тырысады. Осындай бақташылық сюжет малдың өмірі мен мінез-құлқына байланысты болғандықтан адамның терең, күшті сезімін суреттеуді Сармалай өз шығармаларына негізгі арқау етіп алады.

Қазақтың аспапты музыкасында «Қара жорға» күйінің сюжеті ертеден белгілі. Осындай аттас күй домбырада да бар. Олар жорға желісті суреттеуде өзіндік ритмикалық айырмашылығы бар. Сондай-ақ Сармалай да сыбызғымен «Қара жорға» күйін шығарды, алайда домбырадағы аттас күйден ерекше көзге түседі. Бұл күйде де шынында жорғаның жүрісін суреттейді. Бірақ негізінен онда аттың жүрісіне ғана емес, екпінді шабыстың ритміне шабыттанып, шын жүректен көңілдене ән салған жігіттің хал-жайын, өзін көрсету еді. Күйді тындап отырғанда халықтың әдет-ғұрпындағы «Жорға» деген сөздің тек жүйрік ат үшін ғана емес, шебер, шешен сөзді адамды, музыка аспабында шебер ойнайтын немесе жақсы әншіні де осылай атайтын еріксіз еске түседі. Сармалайдың бұл күйінде шебердің көңілді, қуанышы әні, естілумен қатар, ат үстінде ұмытып, творчестволық лаззатқа бөленген, салт аттының өте әдемі жорғалайтын Қара

жорғаның тамаша ритмикалық жүрісі анық беріледі. Сармалайдың «Қоңыр бұқа» күйінің сюжеті «Көк бұқа» күйінің сюжетіне ұқсас келеді. Халық аңызында ерте уақытта бір ауылдың өзен жағасында жайылып жүрген бір қара сиырларын жау қуып кетеді. Сол сиырлардың арасында көк сиыр болады. Көп кешікпей сол сиыр бұзаулап, өзі сияқты көк бұзау туады. Сол көк бұқа жанына ешкімді жолатпайтын сүзеген болады. Сондықтанда ішінде осы бұқа жүрген бір қора сиыр бойлай басқа малдардан бөлек жайылады екен. Бір күні жем іздеп ашыққан қасқырлар осы бір қора сиырға шабуыл жасайды. Көк бұқа қасқырлармен арпалысып, әзірге ауылдан кісілер келгенше бірде-бір сиырды қасқырларға жегізбей қорғайды. Міне көк бұқа тынышсыздана бастайды да, басын қорқынышты көтеріп алып, ауыл жаққа қарап, ауаны искелейді. Өз үйірін еш уақытта ауылдан еш адам іздеп келмейтінін сезген көк бұқа өз үйірін туған ауылына алып келеді.

Сыбызғышы, өз ауылын сағынып мәңіреген бұқаның үнін аспаптың төменгі регистрінде суреттейді. Күйдің кейбір жерлерінде мейірімді махаббат темасы жүреді. Көңілді, жарқын жүретін бұл күй басынан аяғына дейін өте лирикалы болып келеді. Мұнда терең сезімді билейтін таза суреттеу бар. Соған қарамастан ол көңілді естіледі, бірақ күй минорда орындалады.

Сармалайдың «Ақсақ құла» күйі өзінің сюжетіне қарағанда Абылдың осыған аттас күйіне ұқсайды. Оның мелодиясы домбыраға қарағанда сыбызғыда өте кең дамымаған.

Сармалай күйлерінің ішіндегі бірден-бір ең пісіп жетілген, темасы мәнерлі, намысшыл такаппар орасан көп ұшуды артық көріп жүргенде жер бетінен жоғалып кетуін ашып көрсетеді. Бұл «Шал бүркіт» Валиевтің айтуында күйдің сюжеті, ертеде бір қазақтың жанында жақсы көретін, қасқыр мен түлкіге найзағайдай түсетін аңшы бүркіті болыпты. Ол өте көп жыл өмір сүріп, ақырында қартайып аңшылыққа жарамайды. Оның қанат жүні сиреп, құйрығының қаурысындары түсіп, ұша алмай, ұшса қайтып жерге қона алмай қатты қиыншылық көреді. Бір күні аспанда өте жоғары самғап ұшып жүрген өз бүркітін өз несі көреді. Бүркіт өте ұзақ ұшып, содан жерге жақындап келіп, жалбарына аянышты ықырық үн шығарады да бірақ қонбайды. Ол солай әбден күш-қуаты біткенше ұшып тастай құлдырап жерге түсе-

ді. Құстардың қалықтап түсуіне көмектесетін құйрық қауырсынынан жұрдай болған қарт бүркіт өлімге душар болды. Оның аянышты шаңқылын естіген иесі үйінен жүгіріп шығады. Өлім халінде жатқан бүркітке ол ешқандай айла көмек көрсете алмайды, бірақ көп уақытка дейін есінен де шығармайды.

Сармалай осы әңгімені тындап күй шығарады да «Шал бүркіт» — деп атайды. Онда суреттелетін көпшілік кезеңдер, кейде жоғарғы регистрде құстың аянышты ащы дауысы естіледі. Күйде такаппар бүркітке деген сүйіспеншілігін бейнелейтін мелодиялы тема бар. Бұл тема бірнеше рет қайталанып өтеді.

Сармалайдың атағы ел арасына тез тарады. Оның бар болғаны Петушконьң жалшысы болғанына карамастан, оның күйлерін тындау үшін, алыс жерлерден кісілер келетін. Жасы қырыққа жакындаған Сармалай сыбызғыны мүлтіксіз таза меңгерді. Енді ол өзіне ағаштан сыбызғы істеп, дыбысын молайту үшін сыртын қойдың ішегімен қаптады. Ағаштан істелген сыбызғыға ауаның жиі өзгеріп тұратын ыстық-суық тербелісі капелімде әсер етпейді. Қурай сыбызғыға тән ішіндегі бұдыр-бұдырлық ағаш сыбызғыда болмағандықтан ол дыбысты бірқалыпты тегіс шығарады. Сыбызғының ішін ыстық бұрғымен бұрғылап тегістеу арқылы Сармалай дыбыстың бірқалыптылығына жетті. Ол аспаптың сыртын недәуір кеңейтті.

Осы уақыттарда, шамамен сексенінші жылдарда Сармалайдың баласы Халық ер жетті. Ол бақташы әкесін тауып жұмысынан босатып, оның орнын өзі басты. Өмірінде бірінші рет ел аралап кетуіне мүмкіндік алған Сармалай, өзінің екі жасар құлау атына мініп, ауылдан жолға шығады. Ол Жайық өзенінен өтіп, өзен бойындағы ауылдарды аралап Маңғыстауға дейін барады. Тамаша аспабы сыбызғысын қолына алып, сол өлкені тегіс аралайды, сыбызғы күйлерін халыққа естіртіп тартады. Кейбір деректерге карағанда, ол Волга (Еділ) өзенінің жағасына дейін барып, Башқұрт жерінде біраз тұрады. Онда башқұрттың тамаша қурайшыларын тындап, олардың көптеген күйлерін үйренген. «Естек күй» осылай шыққан дейді айтушылар, былайша айтқанда «Башқұр күй». Сармалайдың тірі кезінде бұл күй халық арасына кең тараған. Зорлық ұясынан шығу, әртүрлі адамдармен кездесіп сөйлеу, көптеген жаңа жерлермен танысу Сармалайдың ой дүниесін кеңейтіп, шығармаларының тақырыбын байытты. Ол — Орда, Орал, Орынбор қалаларын-

да болып, базарларда, жәрменкелерде, тойларда өз сыбызғысын сызылта ойнады. Осындай сапарының бірінде өзінің сарандығымен аты шыққан Сансызбай байдың аулына тоқтайды. Қазақтың салты бойынша музыканы тыңдауға келгендердің барлығы Сармалайдың алдында жаюлы жатқан орамалға тиындарын, кестелі орамалдарын, күміс сакиналарын салып жатыр, былайша айтқанда әркім мүмкіндігіне қарай ойнаушының еңбегіне төлеген ақылары еді. Бұл қазіргі кезде біздің театрға, концертке барғанда алатын билетіміздің сол уақыттағы түрі болатын. Ал Сансызбай бірнеше мың малы бар болса да, Сармалайдың әрбір шығарманың шығу тарихын айтып, ойнаған күйлерін беріле тыңдаса да, ол ештеңе төлегісі келмейді. Ертеңгілік байдың ауылынан аттанар алдында Сармалай бір күй ойнайды. Ол күй кеше ойнаған күйлерінің бірде-біріне ұқсамайды. Сармалайды ортаға алып күйді тыңдап тұрғандардың бірі — «Мына күйіңіз не деп аталады» — деп сұрағанда Сармалай оларға: «Бұл күйді сараң, кессе қан шықпайтын Сансызбайға арнап шығардым. Болашақта осы күйдің қалай шыққанын түсіндіріп, кез келген жерде, халық алдында тартамын» — деп жауап береді. Шынында да барған жерінің бәрінде де ол осы болған жағдайды тартады деп қорыққан Сансызбай Сармалайды қонаққа шақырып, жақсылап қонақ етіп, үстіне шапан жабады. «Сансызбай» күйінің мелодиясы бір бағытта және бірнеше рет қайталанады. Өте баяу қозғалысымен адамды жалықтыратын характерді еске түсіреді. Бұл еріншек, тас сараң Сансызбайды сықақтап, келеке қылып суреттейді.

Жетпісінші жылдардың ортасында Сармалай өз ауылына келіп, бұдан соң еш жаққа бармайды. Ол бұрынғы әдетінше сыбызғыға күй шығаруын жалғастыра отырып, ойнау шеберлігін жетілдіріп дамыта береді.

Өз басына билігі болмай шалға сатылған қазақ қыздарының аянышты тағдыры қазақтың басқа халық композиторлары сияқты Сармалайға да әсер етті. Ол «Мұңды қыз» атты күй шығарды. Осындай аттас күй Дәулеткерейде де болған еді. Әрине Сармалайдың варианты домбыраға шығарылған күйден негізінен өзгеше еді. Бұған дейінгі осы темаға шығарылған, күйлермен салыстырғанда, анық варианты өзінің құрылыс, тақырыптын дамуы, мелодиясының анық ширақтығы, шеберлігі жөнінен шоқтығы ерекше биік тұр. Соған қарай біз «Мұңды қыз» күйі Сармалай творчествосының шыңы десек қателеспей-

міз. Тіпті шығарманың белгілі мазмұнын білмей-ақ, өзінің дыбыс политріне онша бай емес аспабымен қазақ қызының мұнды шағымын шеберлікпен айтып беруіне қарай автордың дарындылығының қандай екендігін білуге болады. Өзінің мәнерлі сырласының мелодиялы үнімен тындаушысын тартып алатын «Мұнды қыз» күні қазірде оркестрдің ойнауында естіледі. Бұл күй сыбызғы үшін ғана емес, немесе қазақ қыздарының қайғылы, бақытсыздық өмірін сипаттайтын музыкалық повесті ғана емес, бұл — егер профессионал шебер қолдың саусағына ілінсе, симфония үшін көлемді, үлкен қызғылықты дүние болар еді.

Сармалай елу жастай өмір сүрді. Ол шамамен 1885 жылы өлді. Біз жоғарыда айтып өткен күйлерінен басқа Сармалай «Қоңыр», «Шоқай», «Қарлығаш» (Қазақстанның оңтүстігін мекендеген бір халықтың аты) сияқты т. б. күйлер шығарды. Сармалайдың сыбызғыда ойнау шеберлігін (1800—1923) жылдары өмір сүрген Ерғали Жарықбасов және Ысқақ Валиевтің әкесі Вали меңгеріп алды. Ерғали орындаушылықтан басқа, күй шығарумен де айналысты. Оған («Жошы», «Ақсақ құлан» күйінің сыбызғыға түскен варианты) және «Шанды көл» атты күйлері жатады. Ал Вали өздігінен күй шығармаған. Сармалайдың күйлері мен әңгімелерін Ерғали мен Валиден, Отан соғысының батыры және Қаз ЦИК атындағы оркестрдің бірінші сыбызғышысы Ысқақ Валиев алған.

Қазіргі кезде Алматының Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясында сыбызғы класы ашылды. Бұл класты Оспанғали Қожабергенев басқарады. Ол Шығыс-Қазақстан облысы, Қотанқарағай ауданына қарасты «Ынтымақ» колхозынан келген. Қожабергенев 1906 жылы туған. Сыбызғыны жас кезінен бастап ойнаған. Ұлы Отан соғысына қатысқан Қожабергенев соғыс кезде денсаулығының нашарлығына байланысты ол жыл бойы сыбызғыны ойнамай қойып кеткен. Енді ол өзінің сүйікті аспабына қайта оралып, жастарды сыбызғыға дайындауға көп көңіл бөліп, бар күшін жұмсауда.

Бізден бұрынғы көптеген зерттеушілер этнографтар қазақ пен қырғыздың ертеден келе жатқан аспаптарындағы сыбызғыға өте ұқсастығы жөнінен жазғандарында:

«Қырғыз музыкасының тіпті барлығыда, көлемі мен түрі кларнетке ұқсас трубалы «сүрне» мен тығыз байланысты. Жіңішке шетіне қаздың қауырсынын сала-

ды. Бұл аспап ұзақ жолға шыққанда көпке созылатын дыбыс береді. (Ішле) Қиргизы» журнал. «Природа и люди» 1879, СНБ, № 4).

«Қырғыздар» сырнайдың дыбысын өздерінің ата-баларының қалдырған мұрасындай есептеп, жазулы кітаптай қарайды. Онда жақын адамдарының моласының басында күңірене жоқтау айтып жылаған кемпірлердің қайғылы үні де естіледі. Сонымен қатар бұл аспапта қанды қайнатқан жігер, күш, ауыртпалық арман, махаббат мелодиялары да өз тақырыбына қарап дыбыстар естіледі. Қырғыздар бұл музыканы жоғары бағалайды, сүйе біледі, себебі олар сонымен бірге өсіп, өмір сүріп, бірге өледі.» («Торғай газеті» № 28. 1904 г. «Қиргизские игры» — статья).



Қазірде біздің Советтік Қазақстандағы аспапты музыкамыз өзінің әртүрлілігі, репертуарының көлемі жөнінен көп ілгері дамып байыды. Бірақ біз қаралайым қойшының сыбызғысынан шыққан терең ойлы, лирикаға толы тамаша үнді жоғалтқымыз келмей қайта оны көздің қарашығындай сақтап, сыбызғыны байыта түсу жолында талмай жұмыс істеудеміз.

НАР ИДІРГЕН


Асыңдай, сезіммен



Сиралай.





САНСЫЗБАЙ






АҚСАҚ ҚҰЛА

Асықпай

Сариалай.





МУҢДЫ ҚЫЗ

Асықпай Сарыалай,

p

